

**«Астана қаласының Қаржы басқармасы» ММ қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері
жөніндегі аналитикалық анықтама**

Бізбен жұмыс тобымен құрамында: Басқарма басшысының орынбасары Р.С. Нұрғазинамен, Басқарма басшысының орынбасары Б.М. Сүлейменовамен, персоналды басқару бөлімінің басшысы С.С. Ахметовамен, Бухгалтерлік есеп және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есеп беру бөлімінің басшысы С.Қ. Тлеуовамен, басқару органдары, қорғаныс және құқық қорғау органдары саласындағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімінің басшысы А.С. Тастанбековамен, заң мәселелері жөніндегі бас маман С.А. Оралбаевамен 2017 жылдың I-тоқсаны кезеңі үшін «Астана қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, «Астана қаласының Қаржы басқармасы» ММ басшысының 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 15-ж бұйрығының негізінде жүргізілді.

«Астана қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) өз қызметінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 113-319 қаулысымен бекітілген Басқарма туралы Ережені басшылыққа алады.

**I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР**

Басқарманың құрылымы алты құрылымдық бөлімшелерден тұрады:

- 1) Бюджеттің орындалуын жиынтық талдау және қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру бөлімі;
- 2) Қарызды есепке алу және инвестициялық жобалардың орындалуын талдау және нақты сектор бөлімі;
- 3) Әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалардың атқарылуын талдау бөлімі;
- 4) Персоналды басқару қызметі;

5) Басқару органдары, қорғаныс және құқық қорғау органдары саласындағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімі;

6) Бухгалтерлік есеп және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есеп беру бөлімі.

Бөлімдер туралы ереже Басқарма басшысының 2015 жылғы 29 қазандағы № 77 ж бұйрығымен бекітілген, 2015 жылғы 29 қазандағы № 77 ж бұйрығына 2016 жылғы 24 наурыздағы № 8-ж бұйрығымен өзгерістер енгізілген, онда Персоналды басқару қызметінің ережесі НҚА енгізілген өзгерістерге сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.

1. Басқарманың нормативтік құқықтық актілері және құқықтық актілері нормаларының сәйкес келмеуі

1) Басқарманың нормативтік құқықтық актілерін талдау барысында Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 113-1559 қаулысының преамбуласында «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы заңы көрсетілген, аталған заң «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңымен күші жойылған.

2) Басқарманың нормативтік құқықтық актілерін талдау барысында Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 113-319 қаулысында 17-тармақтың 1) тармақшасында «және Астана қаласының Коммуналдық мүлік басқармасы» деген сөз көрсетілген, коммуналдық мүлік мәселелері жөніндегі функциялар (иелену, пайдалану және өкім ету құқығы) «Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алулар басқармасы» Мемлекеттік мекемесіне берілген.

3) Бөлімдер туралы ережені талдау барысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 15 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 24 қарашада № 14456 болып тіркелген) Персоналды басқару қызметі туралы Үлгілік Ережеге (кадр қызметі) өзгерістер енгізілді.

Ұсынымдар:

- Жасаушысы Басқарма болып табылатын жоғарыда көрсетілген Астана қаласы әкімдігінің қаулыларына тиісті өзгерістер енгізу;

- Персоналды басқару қызметінің ережесіне (кадр қызметі) тиісті өзгерістер енгізу және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, қайта бекіту.

II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың алмасуы.